

І ТУЫ

Н, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

рь Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

Социалистік жарыс мынаны айтады: біреулер жұмысты нашар істейді, енді біреулер жақсы, тағы біреулер одан да жақсы істейді, — таңдаулыларды қуып жетіп, жаппай өрлеуге жету керек.

И. СТАЛИН.

рысты Халықтың қалаулылары жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттыққа ұсынылуда

№ 8 Раевка сайлау округі бойынша

Колхозшы шаруалар
И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов жолдастарды және Лукерия Восипенок жолдасты ұсынды

басшылары, пәр-
мдары сайлау құр-
сарыстың өрісеті-
луына әлі де бар-
й отыр. Бірқатар
бүгінге дейін най-
аянды практика
елеген басшылар
айлары ғана, уа-
нды пібірдің шыр-
сұр. Ондай басшы-
мүлтіксіз орындау
сағат, керек десе-
нін естерінен шы-
кті өнеркәсіпке қа-
комбинаты (дирек-
январь айының
айлық жоспардың
идады. Мұның өзі
йлық тапсырма-
ындау хауші бар

Париж Коммунасы атындағы ауыл-
шаруашылық артелі (Полудень ауданы)
мүшелерінің еңбекшілер депутаттарының
Полудень аудандық Советінің депутатты-
ғына кандидаттар ұсынуға арналған жый-
налысы зор өрлеу үстінде өтті. Колхозшы
шаруалар депутаттыққа кандидат етіп
еңалдымен кемеңгер көсеміміз Сталин
жолдастың және Ворошилов жолдастың
есімдерін атады.

атындағы завод,
сты облысымызда-
ының өздері де
айлауына әзірлік
емелер дәрежесін-

Сонымен қабат, олар аудандық Совет-
тің депутаттығына кандидаттыққа сауып-
шы Лукерия Восипенок жолдасты ұсын-
ды. Ол 20 жылдан бері мал шаруашы-
лығында жұмыс істейді. Осы уақыттың

№ 63 Орталық сайлау округі бойынша

Шағын двигательдер заводының коллективі
**И. В. Сталин, Г. М. Маленков жолдастарды және
Н. С. Бобров жолдасты ұсынды**

Түскі үзіліс.
Шағын двигательдер заводының құрас-
тыру цехына 700-ден астам жұмысшылар
мен инженер-техник қызметкерлер және
қызметшілер жыйналды.

Завод комитетінің председатели Давыдов
жолдас облыстық Советтің депутаттығына
кандидаттар ұсынуға арналған жыйна-
лысты ашып, сайлаушыларға сөз берді.

Алғашқы сөзді заводтағы озат цех—
ұста цехының бастығы Григорьев жолдас
алды.

— Сталиндік Конституция,— деді ол,—
совет азаматтарына сайлау және сайлану
праволарын берді. Мен осы праволарым-
ды пайдаланып, облыстық Советтің де-
путаттығына кандидаттыққа бүкіл про-
гресшіл адамзаттың көсемі, совет халқы-

үкметі совет адамдарын коммунистік қо-
ғам орнату күресіне белсендіре жұмылды-
рын келеді.

Заводтың кадр бөлімінің бастығы Тол-
кова Григорьев жолдастың ұсынысын
қуаттап сөз сөйледі. Мұнан кейін ол
облыстық Советтің депутаттығына ҚКП
облыстық комитетінің бірінші секретары
Николай Семенович Бобров жолдастың
кандидатурасын ұсынды.

— Бобров жолдас, — деді Толкова, —
халық үшін қажырлы еңбек етіп жүрген
басшы партия қызметкерлерінің бірі. Ол
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты
және өткен сайлауда облыстық және қа-
лалық Советтерге депутат болып сайлан-
ды. Бобров жолдас сайлаушылардың ама-
наттарын абыроймен орындап келеді.

Халықтық демократия елдерінде

И. В. Сталиннің еңбегі
чех тілінде

ПРАГА, 26 январь. (СОТА). «Свобода»
баспасы И. В. Сталиннің Шығармалары-
ның X томын чех тілінде 120 мың дана
етіп басып шығарды.

Қытай кәсіпорындары өнеркәсіп өнімдерінің жаңа түрлерін меңгеруде

ПЕКИН, 25 январь. (СОТА). Қытай кә-
сіпорындары өнеркәсіп өнімдерінің жаңа
түрлерін меңгеруде. «Женьминьжибао» га-
зеті Тайюань металлургия комбинаты жұ-
мысшылары мен қызметшілері коллективі-
нің Мао Цзе-дунға жолдаған хатын жар-
риялады. Хатта 0,3 миллиметрлік жұқа бо-
лат өндіруді ойдағандай меңгергендік тура-
лы хабарланады. Бұл — үлкен жетістік.

«Гунженьжибао» газетінің хабары бойын-
ша, Солтүстік-Шығыс Қытайдың екінші ма-
шина жасау заводы Аньшань металлургия
комбинаты үшін бес тонналық механика
ландырылған балға жасап шығарған.

ланып, кездескен кемшіліктер болса оларды жоюдың нақтылы шаралары белгіленеді. Жалғыз бұл емес, темекі фабрикасының, шойын-құю таразы зауытының, «1-Май», «Елінді» кәсіпшілік артельдерінің коллективтері де сайлау құрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асыруда. Аталған кәсіпорындардың жұмысшылары январь айының алғашқы екі аптасының тапсырмасын артығымен орындап шықты.

Солдай бола тұрса да, облысымыздағы бір

В. И. Лениннің „Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі“ деген еңбегі қазақ тілінде басылып шықты

Қазақ мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» деген еңбегін қазақ тілінде дербес кітапша етіп басып шығарды. Кітапшаның тиражы 35.000 дана. (ҚазТАГ).

В. И. Лениннің „Кооперация туралы“ деген еңбегі қазақ тілінде басылып шықты

Қазақ мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Кооперация туралы» деген еңбегін қазақ тілінде жеке кітапша етіп басып шығарды. Кітапшаның тиражы 35.000 дана. (ҚазТАГ).

Ғылыми-көпшілік кинофильмдер

Үрлітүп ауданындағы (Павлодар облысы) «Новый путь» колхозына көшпелі кино келді. Кең бөлмеге үшжылдық агрозоотехникалық курстың агрономиялық тобының тыңдаушылары сабақ оқуға жыйналды. Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Лифанов жолдас кезекті лекциясын оқыды. Содан кейін курстың тыңдаушыларына шөптанапты ауыспалы егіс туралы ғылыми-көпшілік кинофильмі

инженер-техник қызметкерлерінің творчестволық ізденуіне жағдай туғызып, олардың ұсыныстарын әрқашан қолдап отыру керек. Сонда ғана социалистік жарыста алған міндеттемелердің аброймен орындалуына жетісуге болады.

Кәсіпорындардың жұмысшылары, инженерлері мен техниктері! Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, сайлау күнін еңбек майданындағы жаңа табыстармен қарсы алайық!

көрсетілді. «Первое мая» ауылшаруашылық артеліндегі курс тыңдаушылары да арам шөптерге қарсы күрес туралы ғылыми кинофильм көрді.

Облыстың колхоздарында әртүрлі тақырыптарға арналған ауылшаруашылық фильмдері үнемі көрсетіліп тұрады. Бұл егіншілік пен мал шаруашылығының болашақ мамандарының агрозоотехникалық білім алуына көмектеседі. (ҚазТАГ).

Ауыр салмақты поездар

КУРОРТ БОРОВОЕ. (Көкшетау облысы). (ҚазТАГ). Қарағанды магистралінің курорт Боровое бөлімшесінің машинистері жыл басынан бері ондаған ауыр салмақты поездар жүргізді.

Тайынша паровоз депосының машинисі Беляев жолдас салмағы 1840 тонна поезды Тайыншадан Петропавлға дейін гра-

фиктен 22 минут бұрын жеткізіп, сонымен бірге бір тоннадан астам отын үнемдеді.

Беляев жолдасың шаруашылық есептегі бригадасы былтыр мемлекет пайдасына 13 мың сомнан астам қаржы үнемдеді.

Машинистер Мамич, Зайцев, Валов және басқалары ауыр салмақты поездар жүргізуде.

бұл ұсынысы қызу қолдау тапты.

ның меңгерушісі Поросин жолдас көсеміміз кезекке өздер

КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ

Белсенділік

Мамлют совхозының механизаторлары үстіміздегі жылдың көктемгі егісін агротехникалық қолайлы мерзімде өткізу үшін оған осы күннен тыңғылықты әзірлік жүргізуде. Олардың негізгі нысанасы алдағы дала жұмыстарына техника қуатын толық пайдалану. Бұл үшін механизаторлар өздерінің барлық күш-жігерін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын мерзімінен бұрын және сапалы жөндеу ісіне жұмсап жүр.


В. Крипак жолдас басқарған механизаторлар жөндеу жұмысындағы үлгілі ісімен көзге түсулі. Бригада механизаторлары трактор жөндеудің қарқынын арттырып, сапасын жақсартуда. Мәселен, механизаторлар П. Шильин, Е. Хрущев, В. Бейс жолдастар трактор жөндеуде сменалық тапсырманы үнемі асыра орындап жүр. Совхоз коллективі оларды социалистік жарыстың озаттары деп атайды. Бұл механизаторлар тез араның ішінде өз тракторларын толық жөндеп, дала жұмыстарына әзір етеді.

Механизаторлардың өнімді еңбек етуі нәтижесінде совхоз тракторлары мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің тек сандық тапсырмасын ойдағыдай орындап шықты.

Бұл күндері совхоз механизаторлары жергілікті Советтердің сайлауы құрметіне стахановтық вахтаға тұрып, жөндеу жұмысында еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсіп отыр.

Бәзір совхозда жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты күннен-күнге кең өріс алууда. Олар сайлау күніне еңбекте жаңа табыспен жетпек.

Л. МОРГУН.



Жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі жарыс есім МТС-нің коллективі тракторлар мен ауылшаруашылық жұмысында күнделік норманы үнемі 180 процент орындай отырып, трактордың артқы белдігін жөндеу торабын сменалық тапсырманы 200 проценттен асыра орындай отырып, Г. Вашутин және Н. Дунст жолдастар.

Суретті т

Егіске әзірлік на

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозында көктемгі егіске әзірлік жұмыстары осы күнге дейін жолға қойылмаған.

Мұнда, әсіресе, тұқымдық дақылдарды тазалап, өлгіштік сапаға жеткізу қарқыны өте баяу. Тұқым тазалаушылар арасында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Олар жұмысқа кеш келіп, ерте қайтады. Ал, колхоз басшылары колхозшылардың жұмысқа мезгілінде келіп, өнімді еңбек етуін талап етіп отырмайды. Сондықтан да тұқым тазалаушылар күндік және бес-

күндік норманы жүр. Соның салдарынан күнделік тапсырманы орындай алмай отыр.

Мұнда егістік жұмыстары күні-баған. Бірде-бір тоқтатылмаған.

Ендігі жердегі егіске әзірлік жойып, мұндай үлгілі ұйымдаст

Ы С Ы

Әсі жоғары болсын

мал азығын қыстау маңына тасу және көктемгі өсіске әзірлік жұмыстары ұйымшылдықпен өтуде. И. Грудинин, Е. Грудинина және Хамхобаев сыяқты бір топ шошандар 1953 жылы әрбір 100 саулықтан 140 қозы алу үшін социалистік міндеттеме алды. Сауыншы Сименова және Грудинина жолдастар өткен жылы әрбір сауын сыйырлан сүт сауу жөніндегі жоспарды артығымен орындап, кәзір мал қыстату маусымында стахановша еңбек етіп жүр.

Дегенмен, кейбір бастауынш партия ұйымдары сайлау алдындағы саяси үгітті кәзіргі талаптарға сай ұйымдастырып отырған жоқ. Киров атындағы, Буденный атындағы, Чапаев атындағы колхоздар мен Ақбас совхозының партия ұйымдары (секретарьлары Мокшин, Строксв, Абалтусов және Глотков жолдастар) үгітшілермен жұмыс істемейді. Бұларда осы күнге дейін үгіт пункттері ұйымдастырылып, жабықталған жоқ. Үгітшілер өз участогіндегі сайлаушылар арасында сирек болады.

Сайлау науқанында мәдени-ағарту мекемелері зор роль атқаратыны мәлім. Алайда, кейбір оқу үйлері мен кітапханалардың және клубтар мәдени-бұқаралық жұмыстың орталығы бола алмай отыр. Димитров атындағы, Буденный атындағы колхоздардағы оқу үйлері сайлау науқанына байланысты үгіт-бұқаралық жұмысты ұмыт қалдырған. Мәдени-ағарту мекемелерінің аудандық бөлімінің меңгерушісі Силаштьев жолдас оқу үйлері мен кітапханалардың және клубтардың жұмыстарын жақсарту мәселесіне жедел назар аударып, мәдени-ағарту мекемелерінің сайлау науқанына сай жұмыс істе-

БІЗДІН КАЛЕНДАРЬ

Революционер-ақын (Қайтыс болғанына 115 жыл толуына)

1826 жылғы 28 июльде декабристерді дарға асқаннан 15 күн кейін Москва университетінің студенті Александр Полежаев Кремль сарайына І Николайға әкелінді. Жауыз Николай оған «Сашка» деген поэмасын оқуды бұйырды. Міне, осы кездесуден кейін Полежаев солдаттыққа берілді. Ауыр солдаттық өмір, рақымсыз жаза революционер-ақынға қатерімен бірдей болды. Бұл өмір ақынның көкірек ауруына шалдығуына, өліміне себепші болды. Офицерлік чин оған тек өлер күндердің алдында ғана берілді.

Ақынның шығармаларын патша цензурасы бұрмалады. «Урна» деген жыйнағы мен «Аншис патша» атты поэмасы тағы басқа өлер алдында жазған өлеңдері цензураның архивінде 80 жыл жатып, тек революция қарсаңында ғана жарияланды.

«Сашка» поэмасында шіркеуге, дінге, қанішер патша І Николайға оның жандармдарына ашықтан-ашық қарсы шығады.

Полежаев 1804 жылғы 30 августа Мордва АССР-ындағы Рузаевка селосында туды. Жастай шешесі өледі. Әкесі оны 1816 жылы Москвадағы губерниялық гимназияға орналастырады. Студент күндерінде революциялық үйірмелерге қатысты.

1829 жылы Москва полкімен бірге Полежаев Кавказға барып, ұрыстарға қатысады. Кавказда жүрген жылдарында «Эрпели», «Чир-Юрт» поэмаларын жазды. 1832 жылы ақын өлеңдерінің бірінші кітабы жарыққа шықты. Осында жүріп декабрист-ақын Бестужев-Марлинскиймен танысты. Полкпен Россияға қайта оралып, Москвада Герцен, Огоров, суретші Уткин, ақын Соколовскиймен кездеседі. 1838 жылы 28 январьда ақын көкірек ауруынан қайтыс болады. Тағдыр оны мазак

Кореядағы оқыйғалар

Халық армиясы бас командованиясінің хабары

ПХЕНЬЯН, 26 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованиясінің бүгін берген хабарында Халық армиясы құрамаларының қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе қыймыл жасай отырып, өткен күні америка-ағылшын интервенттеріне қарсы Чхольвонның солтүстік-батыс жағында жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізгендігі айтылған. Жау бір полк жаяу әскердей күшпен бірнеше ондаған самолеттердің және 40-тан артық танктердің

қолдауымен халықтық әскерлер шептеріне үш рет өршелене атака жасаған. Бірақ, халықтық әскер адам күші және техникасы жағынан ауыр шығындарға ұшырата отырып, жаудың атакаларын тойтарды.

25 январьда кешке американдық «В-29» бомбардировщиктер ешқандай соғыстық маңызы жоқ Яндок ауданындағы бейбіт селоларға шабуыл жасап, оларды аюандықпен бомбалады. Тұрғын халық ішінен көп шығын бар, ондаған үйлер қыйраған.

Италиядағы сайлау системасына антидемократиялық „реформаның“ жобасына қарсылық

РИМ, 26 январь. (СОТА). «Униата» газетінің хабарына қарағанда, 25 январьда Италияда сайлау системасына антидемократиялық «реформа» жасаудың үкметтік жобасына қарсы наразылық білдіру ретінде ондаған халық митингілері болып өткен.

Италия компартиясы бас секретарының орынбасары Пьетро Секкья Болоньдегі митингіде сөз сөйлеген. Ол сайлау системасына реформа жасаудың үкметтік жобасына қарсы күрес жана ғана басталғанын, ал, оның сенатта, сол сыяқты, бүкіл елде батылдықпен әлі жүргізіле беретіндігін мәлімдеген.

Миландағы митингіде сөз сөйлеп, Италия компартиясы бас секретарының орынбасары Луиджи Лонго кәзіргі кезде партия мүшелерінің саны, 1921 жылғымен салыстырғанда, 50 есе артық екендігін атап көрсеткен. Бұл күш, деген Лонго, оның реакцияның үстемдігін қалпына келтіруге тырысқан барлық әрекеттерге қарсы күресте итальян халқын басқарады.

Көп адам қатысқан митингілер осы сыяқты Флоренцияда, Неапольде, Туринде және басқа көптеген қалаларда да өткен.

Капитал елдеріндегі сауда соғысы

ПАРИЖ, 24 январь. (СОТА). Швейцар радиосы капитал елдерінің сыртқы саудасы туралы мәселе бойынша мазмұндамасында мынаны атап көрсетеді: «американ өнеркәсібін герман өнеркәсіп өнімдерінің, мәселен, автомобильдердің, ауылшаруашылық машиналарының, телевизорларының, радио приемниктерінің, үй шаруашылығына қажетті заттардың паровоздардың, тағы басқаларының үйіліп-төгіле түсуінен сақтау

лап етіп отыр. Батыс Германия бұл өнімді Құрама Штаттарға және басқа мұхиттық аржағындағы елдерге американдық өнімдердің бағасынан төмен бағамен сатады.

Батыс Германияның бәсекелесуі Англияда, Францияда, Швейцарияда, Бельгия мен Швецияда да осындай тынышсыздық туғызуда. Мұндай тынышсызданду Жапонияда да кем емес. Тынышсыздандуды таможня

Малды жартылай қолда ұстап бағу

Мал шаруашылығын оған сайын өркендету жөнінде партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді тек малды азықтандырудың және күтім бағудың озат әдістерінен кеңінен қолдану арқылы ойдағыдай орындауға болады.

Малды бағудың негізгі екі әдісі бар: жайып бағу және қолда бағу. Бұлардың арасында зор айырмашылық бар. Жайып баққанда мал ығып жайылымда және тебінде болады, қолда баққанда малға тең дайындалған жемшөп беріледі. Қысқы жайылымдағы шөп, саны жағынан да, сапасы жағынан да өзгергіш келеді. Бүздігүні шөп жақсы болса, қар жұқа және үшідек болса, қысқы жайылымның шөбінде белок, витаминдер, минералдық заттар көп болады. Бұл жағынан алғанда, ол жақсы пішеннен де құнарлы келеді. Қар астындағы шөп құраған, суық жаңбыр суына шайылып, қоректі заттары азайған, өскірген болса, оның құнарлылығы пішеннен бір жарым есе кемиді.

Алайда республиканың бірсыпыра аудан дарында қойды, жылқыны және қоны жақсы сыйыр малын қыстыгүні жайып бағудан біржолата қол ұзу қолайсыз келеді, өйткені малды қыстыгүні жайып бағу жемшөпті едәуір үемдейді, малдың денесі күрылығын шынықтырады, денсаулығын күшейтеді. Сондықтан қыстыгүні малды жайып бағуды қолдан пішен, сабан, жем беріп асыраумен ұштастырған жөн. Малды бағудың мұндай әдісі—жартылай қолда ұстап бағу деп аталады.

Қойды, жылқыны және қоны сыйыр малын жартылай қолда ұстап бағуды қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?

Малды жартылай қолда ұстап баққанда, жемшөп қорлары және мал қораларымен қамтамасыз етілген қыстау жайылымының жанында болуға тиіс. Жайып бағу жақсы ұйымдастырылған жағдайда жылқы күн тәулігі бойына далада болады, қой мен сыйыр малы түнге қарай аулаға немесе қораға қамалады.

Қысқы жайылымды пайдаланудың белгіленген тәртібін мұқият орындаудың зор маңызы бар. Шөпті қар басқаннан кейін малды кішкене участокте жаю керек. Сонда мал бұл жердің қар астындағы шөбін бір күннің ішінде түгел жеп бітіреді. Әйтпесе малдың аяғымен тапталған қар түгел қатып, келесі күні мал жаюға жармай қалады, өйткені қар астындағы шөпті ол аяғымен теуіп шығара алмайтын болады.

Жайып бағу жағдайы нашарлай бастаса, малды қолдан үстеп азықтандыру керек. Онда малға азық күніне екі рет—таңертең және кешкі суарғаннан кейін беріледі. Түні бойы ашыққан малдың жайылымдағы муздаған шөлге құныға киілік кейтіндей ету керек. Оған таңертең қолдан азық берудің мәнісі осы. Ауа райының жағдайына қарай малға азық не далада, не ықтасында, не болмаса қораның шінде беріледі. Малға азық берудегі негізгі шарт—мал үйлікпейтін болу керек. Мұның үшін жай оттықтар орнатылу қажет. Оттықтардың ұзындығы әрбір ірі жылқы мен сыйырға кемінде бір метрден, әрбір қойға кемінде 0,4 метрден келуі керек. Далада немесе аулада малға берілетін пішенді әр жерге аз-аздап бөліп тастайды. Ашық далада малға пішенді тек

желсіз күнде беруге ғана болады, әйтпесе оны жел үрлен, ұшырып өкөтуі мүмкін. Қар қалың жауып, (қойлар үшін 20—25 сантиметр, жылқы үшін 40—45 сантиметр), муздақ, бораң болса, малды жайылымға шығармай, қолда ұстап баққандағы нормамен жемшөп беріледі. Сыйыр малы тегі қар астындағы шөпті теуіп шығара алмайды. Сондықтан жер бетіндегі шыққан шөпті түгелінен қар басқаннан кейін сыйыр малын жайып бағу тоқтатылады.

Әресе төлдейтін малдың дұрыс азықтандырылуын мұқият бақылап отыру қажет. Енесінің ішіндегі төлдің қоректенуі үшін белок, көмір-сутектері, витаминдер, минералды және басқа заттар қажет. Төлдейтін мал мұны қосымша азықтан алады. Енесінің ішіндегі төл алғашқы кезде қай өседі, сондықтан бұл кезде қоректі заттар оған онша көп керек болмайды. Мұнан кейін оның өсуі тезлейді. Саулықтың ішіндегі төл өсу салмағы: бірінші айда екі грамм, екінші айда 58 грамм, үшінші айда 685 грамм, төртінші айда 1850 грамм, бесінші айда 5225 грамм болады. Сондықтан, қолда ұстап баққанда, буаздығының бірінші жартысында әрбір биязы жүнді және жартылай биязы жүнді саулыққа күніне кемінде үш килограмм, қытық жүнді саулыққа кемінде—2,5 килограмм пішен беру керек. Алайда, бұл кезде жайылымдарды кеңінен пайдаланып, қолдан берілетін азықтың мөлшерін бір жарым-екі есе азайтуға болады. Көбінесе февраль-март айларына тура келетін, саулықтардың буаздығының екінші жартысында қолдан берілетін азықты көбейтіп, оның жалпы қоректілігін, шамамен айтқанда бір жарым есе арттыру қажет. Мұның үшін әрбір саулыққа күн сайын 0,2—0,5 килограмм жем және жақсы пішен беріледі.

Қыстың екінші жартысында буаз бие-лерге де үстеп пішен беру қажет. Мұндай үстеп азықтандырғанда, әрбір биеге, жа-

нылымның жағдайына қарай олардан нан 15 килограммға дейін пішен беріледі, ал жайып бағуға тиісті мүмкіншілік болмаған күндерде 20 килограммға жеткізіледі. Арық биелерге мұның үстіне күн сайын 2—4 килограмм—кешке суарғаннан кейін 2 килограмм немесе таңертең және кешкілікте екі килограммнан жем беру керек. Жемді жаныштап, немесе ұсатып береді.

Төлдейтін малға, өсіп келе жатқан төлге минералды азық—тұз, сүйек ұны, бор беру керек.

Жартылай қолда ұстап бағылатын малдың мезгілінде суарылуын қамтамасыз ету қажет. Қойларды күніне бір рет—кешке қарай, жылқы мен сыйыр малын күніне екі рет суару қажет. Рас, малдың қар жеп шөлін қандыруы мүмкін. Бірақ бұл азықтың артық жұмсалуына себеп болады. Қарды суга айналытуға малдың бойындағы көп жылқылық кетеді. Мәселен, су іну орнына қар жейтін жылқының бұған күн сайын үш-бес килограмм пішенге барабар қосымша қоректі заттар жұмсайтыны есептеп шығарылды.

Малды жартылай қолда ұстап бағуды ұйымдастырудың аса маңызды мәселелерінің бірі—көлемді мал азығын дұрыс жұмсау. Пішеннің жақсы сорттарын қыстың аяғына қалдырып сақтау қажет. Құраған, құнарлылығы аз пішенді малға суық күндерде және әдеттегі мөлшерден көбірек береді. Суық күндерде малдың азыққа шабыты күшейеді, сондықтан көп азықты сүйсініп жейді. Сабанды және сапасы төмен пішенді малға тұрап, жемшөп араластырып берген пайдалы. Алайда витаминдері мол, жақсы пішенді малға беретін азық қатарынан толық шығарып тастауға болмайды. Мұндай жақсы пішен малға берілетін жалпы азықтың кемінде бестен бір бөлегіндей болу керек.

Қазақстанның көп аудандарында февральда және марттың алғашқы жартысын

дөңдердің, қырғалар рінде, сортаң жерлер пайда болады. (дігі қыс бойына өз азайтады, сондықтан жейді. Кейіннен со қар суы басып, мал тып болады.

Малды жартылай барлық мал қорала жел-құздан жақсы ықтасындармен қам Бұл қоралар мен ы надай үш негізгі т —құрғақ, өкпек ж сы жақсы тазарты рек.

Малдың жақсы к шылар ғана қамтаа жартылай қолда ұ әрбір отарына үш- бригадасы, жылқы төрт жылқышы бер дар мен жылқышы дыру, суару, жаю, ту және шағын рын атқару, міндеттері жүктеле; дық болмайынша орындау, әрине мұ малшылардың өрбі азықты тасуға ла бір-екі арба-шана, бес айыр, үш-төрт күрек, қораны таз кескіш, ағаш ұс малды суаратын ж ғын астаулар, құд екі-үш шелек, жел немесе жәшік, жем лу керек.

Ауылшар кандидат